«Бөгенбай батыр» жырын жатқа айтудан оқушылар арасындағы Қарағанды облыстық «Тұлпар мініп, ту алған» байқауының 2-ші кезеңіндегі қатысушыларға арналған сұрақтар мен олардың жауабы

8-сынып оқушыларына арналған сұрақтар

Қазақ әдебиеті пәні бойынша сұрақтар және олардың жауабы:

1. Қорқыт кім? VII-VIII ғасырлар аралығында Сыр бойында өмір сүрген ақын, жырау, күйші, қобызшы, өз дәуірінің ойшылы. Ол атақты батыр, сөзіне хандар құлақ асқан ақылгөй данышпан болған.

2. Ел аузында Қорқыт ата қалай сипатталады? Қорқыт ата өзінің жүйрік желмаясына мініп алып, халқына мәңгі өлмейтін өмір іздеуші, мәңгілік өмір үшін қайсар күрескер сипатында айтылады.

3. «Қорқыт ата кітабы» қанша жырдан тұрады? Он екі жырдан тұрады.

4. «Қорқыт ата кітабының» жалпы мазмұны не? Туған жерін, Отанын сыртқы жаулардан қорғау үшін қан майданға шыққан алыптардың ерлігі жырланады.

5. Аңыз дегеніміз не? Тарихта болған әйгілі адамдар жайында немесе елдің, рудың шыққан тегі туралы, не нақтылы бір жерде өткен оқиғалар жайында тарихи шындыққа негізделген, бірақ уақыт өте келе көркем шығармаға айналып кеткен әңгіме.

6. Аңыз әдебиеттің қай саласына жатады? Ауыз әдебиетінің бір саласы.

7. Аңыз қандай жанр түрінде кездеседі? Аңыз әңгіме ғана емес, өлең, жыр түрінде де болуы мүмкін.

8. Әпсана дегеніміз не? Парсы-тәжік фольклор жанры, парсы әдебиетінің ықпалымен түркітілдес елдерде орныққан сөз. Ол парсы тілінен аударғанда «ертегі» деген мағына береді. Әпсанада аңызға да, миф, ертегілерге де тән жанрлық белгілер ұшырасады.

9. Ислам мәдениетінің қазақ жеріндегі ірі ошағы қай жер болды? Сыр бойы, Отырар, Сайрам, Түркістан (Йасы) қалалары болды.

10. Қожа Ахмет Ясауи кім? Түркітілдес халықтардың аса көрнекті ақыны, есімі ислам әлеміне әйгілі болған ойшыл, дана, түркілік сопылық жолды қалыптастырып, имандылық нұрын шашқан діни ағартушы, Орта Азиядағы сопылық әдебиеттің ірі өкілдерінің бірі.

11. Қожа Ахмет Ясауидің қандай шығармасын білесіз? Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы – «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы»).

12. Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі кім? Адам.

13. «Даналық кітабындағы» ислам дінінің төрт алтын діңгегінің атын атаңыз. «Мағрипат», «Тарихат», «Хақиқат» және «Шариғат».

14. «Даналық кітабындағы» аталатын ислам дінінің төрт алтын діңгегін талдап беріңіз. «Мағрипат» – ғылым-білім; «Тарихат» – пәни жалған қызығынан безіп, о дүниеде жарылқанатынына деген сенім, Құдайға құлшылық етудің жүйесі; «Хақиқат» – хақ шындық, яғни, сопылық ілімнің

негізін айтады; «Шариғат» – мұсылмандық жолы, заңы, қағидасы туралы айтылатын парызды орындау.

15. Сопылық әдебиет сөз өнері ретінде қай кезде қалыптасқын? Сопылық әдебиет ішкі рухани теңдікке және Жаратқанға құштарлыққа бастайтын сөз өнері ретінде VIII ғасырда мұсылман елдерінде қалыптасқан. Ол исламның қайнар көзі саналатын Құран мен оның хадистерінен бастау алады.

16. «Хикмет» сөзін қалай түсінесіз? Таңғаларлық ғажайып, керемет деген ұғымда түсініледі.

17. Перифраза дегеніміз не? Заттың, құбылыстың тура атын атамай, суреттеп көрсету, тұспалдап айту дегенді білдіреді. Ондағы мақсат бір сөзді басқа сөзбен ауыстырып қана қою емес, бұл ұғымды өз атынан басқаша етіп атау, оны бейнелі етіп сипаттау үшін және қандайда бір эмоционалды-экспрессивті баға беру үшін қолданылады.

18. Шалкиіз Тіленшіұлы кім? XV ғасырда өмір сүріп, терең ойлы толғауларымен өшпес із қалдырған жырау. Ол ұзақ уақыт Ноғайлы әміршісі Темір бидің қадірлі ақылшыларының бірі болған.

19. Шалкиіз жырау қай жылы және қай өңірде дүниеге келген? Ол 1465 жылы, Жайық өзенінің шығыс жағалауында дүниеге келген.

20. Шалкиіз шығармаларының новаторлығы неде? Ол қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салды. Толғауларында ойлылықтың, көркемдіктің шыңына шықты.

21. Ақтамберді Сарыұлы кім? Жоңғарларға қарсы жорықтарға қатысқан батыр, ерлік қимылды аңсаған қаһармандық күрестің жалынды жыршысы, замана қауымына танымал жырау, аты әйгілі ақын.

22. Ақтамберді жырау қай жылы, қай өңірде дүниеге келді? 1675 жылы Сыр суына жақын Қаратау қойнауында дүниеге келген.

23. Не себепті жұрт оны Аягөз аймағына етене жан ретінде біледі? Ол ойрат-жоңғарлармен күрес дәуірінде өмір сүргендіктен, қонысы ауысып, балалық шағы да, бүкіл саналы ғұмыры да қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аймағында өткен.

24. Ақтамберді жыраудың қандай атақты толғауын білесіз? «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы халыққа кеңінен танымал.

25. Ақтамберді нені жырлады және қандай ақын? Өзінің толғауларында ол батырлардың ерлігі мен батылдығын таңдана жырлады. Ақтамберді жырау эпостық жанр ақыны.

26. Афоризм дегеніміз не? Қысқа сөзбен түйінделген тиянақты, бейнелі ой.

27. Өсиет деген не? Белгілі бір адамның жасы жеткенде немесе жантәсілім алдындағы кейінгі ұрпақтарына, туған-туыстарына айтып кететін ақыл-кеңесі, өтініші немесе соңғы тапсырмасы. Дәстүр бойынша артында қалған адамдар айтылған өсиетті бұлжытпай орындауға тиіс.

28. Мұрат Мөңкеұлы қай жылы, қай жерде дүниеге келген? 1843 жылы қазіргі Атырау облысының Қызылқоға деген жерінде дүниеге келген.

29. Ол ұстанымы бойынша несімен ерекшеленеді? Мұрат Мөңкеұлы патшаның отарлау саясатына қарсылық білдірген ақындардың бірі ретінде оқшауланады. Елінің тәуелсіздігін аңсап, халқының қайғысы мен мұңын, арманы мен болашағын жырына арқау етеді.

30. Мұрат Мөңкеұлының қандай жыр, толғауларын атай аласыз? «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қазтуған» толғаулары бар.

31. Мұрат Мөңкеұлының толғауларында не баяндалады? Ресейдің қазақ жерін отарлау саясаты, атамекенінен айрылған елдің зары мен мұңы баяндалады.

32. Эпитет (айқындау) деген не? Ерекше «сипаттау» деген мағына береді. Заттың немесе құбылыстың айырықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз.

33. Шәкәрім Құдайбердіұлы қай жылы, қай өңірде дүниеге келген? 1858 жылы қазіргі Абай облысы Абай ауданында дүниеге келген.

34. Шәкәрім Құдайбердіұлы кім? Ұлы Абай дәстүрін жалғастырушы, әдебиеттегі жаңа толқын легінің алдыңғы қатарының өкілі, шығармалары өлең, поэма, ән, аударма, әңгімелерден, сондай-ақ философиялық туындылардан тұратын қазақтың әдеби, мәдени өміріне мол мұра қалдырған ақын.

35. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр», Еңлік-Кебек» дастандары жырдың қай түріне жатады? Лиро-эпостық жырға жатады, соның ішінде тұрмыс-салт жырларына тиесілі.

36. Шәкәрім Құдайбердіұлының қандай романы бар? «Әділ-Мәрия» деген романы бар.

37. Параллелизм дегеніміз не? Екі ұдай нәрсені, құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу. Параллелизм – бір-біріне ұқсас құрылымды сөйлемдер мен сөз тіркестерінің, формалас сөйлем мүшелерінің қабаттаса қатар қолданылуы.

38. Психологиялық параллелизм деген не? Адамның көңіл күйін табиғат құбылыстарымен салыстыра егіздеу. Адам өзінің басындағы қайғы, мұң-шерін табиғаттағы басқа нәрсемен қатарластырып, егіздеп баяндайды.

39. Міржақып Дулатұлы қай жылы және қай өңірде туды? 1885 жылы қазіргі Қостанай облысының Жангелді ауданына қарасты Қызбел ауылында дүниеге келген.

40. Міржақып Дулатұлы қандай шығармалардың авторы? «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағының, «Бақытсыз Жамал» романының авторы.

41. Міржақып Дулатұлының азаматтық, саяси көзқарасының қалыптасуына қандай себептер ықпал еткен? 1904 жылы Омбыға келіп, Ахмет Байтұрсынұлымен кездеседі. Бірі – ұстаз, бірі – ізбасар ретінде жұптарын жазбайды. 1905 жылы Қарқаралыдағы саяси-бұқаралық жұмыстарға қатысады. Ол патша өкіметіне қазақ халқының атынан петиция жазушылардың қатарында болады. 1906 жылы Петербургке барып қайтады. Ол жақтан саяси күрескер ғана емес, шабытты ақын болып оралады.

42. «Бақытсыз Жамал» неліктен қазақтың тұңғыш романы болып саналады? Роман 1910 жылы жарыққа шықты. А. Байтұрсынұлы «Қазақта

бұрын роман жоқ еді. Біздің арамызда қазақша бірінші роман жазып шығарған Міржақып Дулатұлы болды» дейді.

43. «Бақытсыз Жамал» романының оқиғасына арқау болған мәселе не? Ескі әдет-ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры, сүйгеніне қосылып, бақытты өмір сүруді армандаған бойжеткеннің трагедиялық жолы.

44. Міржақып Дулатұлының атын алты алашқа таратқан қай шығармасы? «Оян, қазақ!» шығармасы.

45. «Оян, қазақ!» шығармасы әдебиетшілер тарапынан қалай бағаланды? Мүлгіп жатқан ұлттық намысты оятуды мақсат еткен «Оян, қазақ!» – қазақ әдебиетінің тарихында болсын, қазақ халқының азаматтық тарихында болсын биіктен орын алатын шығарма деп бағаланды.

46. Сатира дегеніміз не? Қаламгердің суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі.

47. Сатираның қандай жанрлары бар? Мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот сияқты жанрлары бар.

48. Ирония дегеніміз не? Көркем шығармада сырты сыпайы, іші толған ащы күлкі, мысқыл болып келетін өрнектеу тәсілі.

49. Бауыржан Момышұлы қай жылы және қай өңірде дүниеге келді? 1910 жылы, Жамбыл облысы Жуалы ауданында дүниеге келген.

50. Бауыржан Момышұлы кім? Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында командир ретінде даңқы шыққан қазақтың батыр ұлдарының бірі ғана емес, және қабырғалы қаламгер, қазақ әдебиетінің ірі өкілі, сөз сімері.

Сұрақтар мен олардың жауабы жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған Қазақ әдебиеті оқулығы («Арман-ПВ» баспасы, 2018) бойынша әзірленді.

«Бөгенбай бытыр» жыры бойынша әзірленген сұрақтар және олардың жауабы

1. Сарыбай мен Бексұлтанды татуластырған кім? Аналық.

2. Төре қызы Зейнепке Тыныбек қандай сөз айтты? «Көңіліңде жақыннан айырмақ ой бар екен? Ортама сайтандығың өтпей қалды. Екі ерді апырыммен тоқтаттық» деді.

3. Тыныбекке Зейнеп қандай өтініш білдірді. «Азар болса, Зейнеп құрғыр кінәлі шығар. Алдына Бөгенбайдың жүгінейін, мұрсат беріңдер» деді.

4. Аналық тұтқын төре қыздарына қатысты қандай шешім шығарды? «Әйелдерге таңдау ерік берейік. Ерлерден өздері таңдап, ықтиярымен барсын» деді.

5. Таңдау еркі тиген Зейнеп жұрт алдында не деді? «Шашым түгіл басымды кессең дағы, сен өлтірсең арман жоқ мені» деп, ықтиярының Сарыбайда екенін ашық айтып, мойнына асылды.

6. Тұтқын қыздарға ерік берілгенде қанша қыз Бексұлтанды таңдап, тиді? Төрт қыз Бексұлтанды лайық көрді.

7. Басына қара шапан жамылған жалғыз әйел ешкімге бармай ортада тұрып, Зейнепке не деп айтты?

«– Әй, Зейнеп, әуелінде қылдың қалай,
Демедің: «Ел билемек екіталай».
Кеселді келмейтұғын шақырып ап,
Дегенмен бола ма екен енді «бәле-ай».

Әуелде тимек болып, елді жидың,
Өлімге Қасқабайды көзбен қидың.
«Аға өлсе, жеңге – мұра» деген қайда?
Қорыққаннан Сарыбайға, міне, тидің!

Қазақтың қалдырдың-ау мазағына,
Салдың ба барлық жұртты азабыңа.
Маяннан басқа жанға тиген адам
Құдайдың кете ме екен тозағына?!

Кетірдің қанжығадай елдің жайын,
Өкініп өткен іске не қылайын.
Жұмаққа Маян алған қыздар барсын,
Қалыбек, қайда отырсың, менің байым?!» деді.

8. Әйелдердің таңдау еркі аяқталғанда айтылған Зейнептің бұйымтайы не болды? «Әйелдерге ерік берген сіздерге ризамын. Тек жүрмей Бөгенбайға тіл тигіздім. Аруағы зор қасиетті қарт ықылас бермесе, қор боламын. Бөген сұңқар менің кінәмді кешер болса, сонда елге барар ем» деді қиылып.

9. Төре қызы Зейнеп Бөгенбай батырдың алдына қандай желеумен келді? «Сүйінші, ерлер майданнан жеңіспен аман келді!» деген жақсы хабар жеткізуші ретінде келді.

10. Бөгенбай батыр ауылына сүйінші сұрай келген Зейнепті кім қарсы алды? Бөгенбай батырдың бәйбішесі.

11. Сүйінші сұрай келген Зейнеп Бөгенбай батырдың бәйбішесіне не айтты? «Апеке алдыңызға келін боп келіп тұрмын, қара жерге қаратпаңыз. Сүйіншіге алатыным батырдың кешірімі мен рақымы» деді.

12. Зейнептің бәйбіше арқылы Бөгенбай батырдан сұрайтын екінші бұйымтайы не? «Әкем мен ағамда кінә жоқ, жазықты істің бәрі менде. Жұртымды шабындыдан келген ел дегізбесін, төре ауылын өз жұртына қондырып, ешкімге қор ғылып күлгізбесін. Сосын мені үйімнен құдандаласып алсын. Берсеңіз тілегімді түгендеп беріңіз» деді.

13. Бәйбіше арқылы Зейнептің бұйымтайын естіген Бөгенбай батырдың жауабы қалай болды?

«Кешпейтін сүйіншіге дәнеңем жоқ,

Құдайым жол берген соң балаларға» деп, құдандаласып алуға да келісті.

14. Төре қызы Зейнеп қандай адам? Елінің мүддесі мен жеке басының қамына қарай қиыннан жол тауып кететін ақылдылығы мен айлакерлігі қатар біткен жан.

15. Бөгенбай батыр Зейнепке қандай баға берді? «Жөн білетін сегіз қырлы келінім» деп, елдің ынтымағын ыдыратпай ұстап қалды.

16. Жырдағы «Кенже аға» деп аталатын кім? Бөгенбай батыр.

17. Бөгенбай батыр жырының бірінші бөлімі кімдер туралы? Сарыбай мен Зейнеп оқиғасы туралы?

18. Жырдағы Бөгенбай батыр маңына топтасқан руларды атаңыз. Қанжығалы, дулат, алшын, шекті.

19. Сарыбай Зейнеп қыздан қанша жас үлкен? Сарыбай қыздан екі жас кіші 16-да.

20. Келесі жорық қай бағытқа жалғасады? Сырдарияның арғы жағына.

21. Жырда тудың маңызы мен мәні қалай суреттелген? Жорыққа аттанар алдында міндетті түрде киелі туға тәу ете рух шақырған. Есімбек пен Құлжабек төрелерге аттанарда да Маян батырдың зиратының маңында ту қадалып, ел жиылады. Сырдарияның ар жағына аттанарда да туға тәу ете, ертеңгі күннен сыр аңдайды.

22. Сырдария жаққа жол шекпекке ұрықсат сұраған Сарыбайға Бөгенбай батыр ең әуелі не деді? «– Сарыбай, туыңды әкел, көрейін, Ту сөйлесе, рұқсатымды берейін» деді.

23. Сыр бойына аттанып бара жатқан Сарыбайға Бөгенбай батыр қандай кеңес берді? «Біреудің еліктірген бос сөзіне ерме, адал бол, арамдық назалыққа ұрындырады. Біреуге бейкүнәдан тисем деп, бәлеге ұрынып кетпе» деді.

24. Сарыбай Сырдарияның арғы жағына қай күні аттанды? Дүйсенбіде.

25. Неге дүйсенбіде аттанды? Аталары Маянбай әуле тұтқа күні дүйсенбі.

26. Сарыбай қосын қанша түйеге артты? Төрт түйеге.

27. Сырдария сапарына қанша адам аттанды? Он бес адам.

28. Сырдарияға аттанған он бес батырдың нешеуі шектінің азаматтары еді? Төртеуі.

29. Төрт шекті не себептен бөлініп жүрді? «Сыртқы қорған елге барамыз» деп, бөлек ілгері аттанды.

30. Сарыбайлардың Сыр бойына келгенде алғаш тоқтаған жерінің аты не? Қарамыс.

31. Сарыбайлар дариядан қалай өтті? Мұз бетімен өтті.

32. Сарыбай Бөгенбай батырдың айтқан сөзін қай жерде қаперіне алмады? Сырдарияның арғы бетіне өтіп, түбекте жатқан қалың жылқыны көргенде жадынан шығарды.

33. Түбекте жатқан жылқының саны қанша? Он мың.

34. Түбекте жатқан жылқы кімнің жылқысы еді? Алтай деген үйсін байының жылқысы.

35. Сарыбайлар Сыр бойына келгенде Алтай елінде нендей оқиға болып жатты? Алтайдың өзі мен тоқалы өліп, жалғыз қызына тексіз құлдардың бірі құда түсіп жатыр еді.

36. Алтайдың неше баласы болды? Алтайдың бәйбішеден тоғыз ұл, тоқалдан үш ұл, бір қызы бар еді.

37. Алтайдың сүйегі кім? Үйсін.

38. Не себепті Алтайдың бәйбіше мен тоқалдан туған балалары араздасты? Алтайдың бәйбішеден туған үлкен ұлы Қопа араларындағы жалғыз әрі кенже қарындасы Қаншайымды асқан бай құлға ұзатпақшы. Оған қыз да, бірге туған үлкен бауыры Орда да наразы. Орда «құлға қарындасымды бермеймін, малға қызықсаң бой жетіп отырған өз қызыңды бер» деді.

39. Қаншайымды қанша малға бермек болды? Қарғы бауы жүз түйе, барлығы мың қараға бермек болды.

40. Қопа үйсінге ат шаптырып, елді жиып не деді? «Екі қатыннан туған бала екі рулы ел» деген, Алтайдың ұл-қызына еншісін бөліп беремін» деді.

41. Алтайдың тоқалынан туған үлкен ұл Орда қайда барып қоныстанды? Бұрынғы ата жұртын тастап, дариядан өтіп, Қорған деген жерге барып қонды.

42. Ағасы Қопадан іргесін бөле көшкен Ордаға қанша адам ілесті? Сегіз жүз адам ілесті.

43. Алтай байдың ауылындағы Байсал шал кім? Алтайдың ертеден қарамағында жүріп ұлындай болып кеткен адам, ол да оның ұлдарымен енші бөлісіп, бір көне ордаға ие болды.

44. Екі ағайынның ортасы қатты ушыққанда Қаншайым кіммен бірге болды? Байсал шалмен бірге көне ордада қалып, сосын қоныс аударып көшіп кетті.

45. Сарыбай айдап алған кімнің жылқысы еді? Қопаның жылқысы болатын, інісі Орда екеуі бірінен бірі мал айдатып жауығып жүрген соң, ол жоғалған жылқыны Орда айдап әкеткен шығар деп тұспалдады.

46. Жолдастарынан бөлініп кеткен шектінің төрт жігіті қай ауылға дөп келіп, қонағасы жеп аттанды? Малы көп бір ауылға ұшырасып, «алыстан келе жатқан жолаушы едік, біз қонамыз» деп хабар салды. Бұл Байсал шал мен Қаншайым иелік еткен көне орда еді.

47. Қаншайым қыз қонақтарының қай сөзіне елеңдеп, жөн сұрасады? «Мына қыздың басы бос па екен, «Маян ауылы» секілді ауылға кез келер ме еді?» деген өзара әңгімелерінен «Маян ауылы» деген қандай ауыл болды екен?» деп ойлап, жөн сұрасады.

48. Төрт шекті Бөгенбай ауылын қызға қалай таныстырады? Қазаққа аты кеткен Бөгенбай батырдың ауылы әкесі Маянбайдың атымен «Маян ауылы» атанады. Қазақта одан асқан ауыл болмас, жау қалмаққа шарпуы күнде тиеді. Жау десе атқа үдере қонатын «жеті кенже» деп аталған жеті батыры бар. Қолбасы – Сарыбай. Жеті кенже – немерелес бауырлар. Біз айрылысып кеткелі бес күн болды, біз бері аттандық, олар жер көрейік деп дариядан әрі өтіп кетті» дейді.

49. Жеті батыр туралы естігенде Қаншай қыз меймандарына қандай сауал қояды?

«– Жақсы екен бірге туған жақындары,
Бір жерден табылған соң ақылдары.
Ерлердің атын естіп, таныс болдық,
Бойдақ па әлде бар ма қатындары?» дейді.

50. Жеті батырдың жайын сұраған қызға төрт шекті не деп жауап берді? «Тыныбек деген батыр, анық бойдақ. Өзгесінің қатыны бар» дейді.

Сұрақтар мен олардың жауабы М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ұсынған «Бөгенбай батыр» жырының Тастыбай Жағыпарұлы нұсқасы бойынша әзірленді.

Ескерту: Байқаудың II-кезеңіне қатысушыларға арналған сұрақтар жалпы білім беретін мектепке арналған бағдарламаға сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып әзірленді.

Байқау барысында төменгі сыныптың сауалдары жоғарғы сыныптарға қойылуы мүмкін, ал жоғарғы сыныпқа арналған сауалдар төменгі сынып оқушыларына қойылмайды.